

# ҚОЖА АХМЕТ ЙАСАУИ ІЛІМІ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНА ЕНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**<sup>1</sup>Б.М. Сатершинов, <sup>1</sup>А.Д. Шағырбай, <sup>1</sup>Н.Р. Мейманхожа, <sup>1</sup>Ш.Д. Жүнісбаев, <sup>2</sup>Н.К.Анафина**

## АНДАТПА

Қазақ халқының дәстүрлі құндылықтары сан ғасырлар бойы халықтың дәстүрі мен тарихи мәдени болмысындағы дүниетанымдық пайымдар арқылы қалыптасқаны белгілі. Дәстүрлі қоғамда, тарихи мәдени сана мен діни танымның қалыптасуына елеулі үлес қосқан тұлғалар бар болғаны көпшілікке мәлім. Бүгінгі жаһандану дәуірінде діни буквализм мен дәстүрден тыс діни ағымдар мен топтардың ықпалдары арқылы дәстүрлі танымдағы құндылықтарды жастар тарапынан қабылдамауға үндейтін ұйымдар бой көрсетуде. Осы бағыттағы үрдістердің жастар арасында алдын алу үшін Түркістан өңіріндегі атақты діни тұлға, ақын, ойшыл Әзірет Сұлтан қожа Ахмет Йасауидің рухани мұрасын дәріптеуді қарастыру маңызды. Түркі әлемінің басты рухани тұлғалар қатарындағы Әзірет Сұлтан атағы мен рухани дәрежеге ие тұлғамыз хикметтерінде діни тұрақтылық пен жасампаздық идеялары насихатталған. Ақын ғұламаның шығармаларында мұсылмандық мәдениет пен ұждан ілімі туралы жиі сөз қозғалады. Мақалада Ахмет Йасауидің рухани тұлға ретінде қалыптасуы, өмірлік жолы мен бағдары, ойшыл өмір сүрген ортадағы діни, саяси, тарихи және мәдени ерекшеліктерді қамту арқылы бірқатар агиографиялық деректерді қарастыру арқылы қазақ даласына ислам дінінің ену ерекшеліктері зерттелген. Дінтанулық ғылымдағы әдіснама негізінде ақын тұлғаның өміріне агиографиялық және мәтіндік талдау тәсілдерімен зерттеу жүргізіліп, ислам дінінің таралуы ерекшеліктері зерделенді.

**Түйін сөздер:** ислам, йасауийа, қараханилер, қожалар, саманилер, тариқат, тасаууф.

<sup>1</sup> ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан

<sup>2</sup> «Торайғыров университеті» КеАК, Павлодар, Қазақстан

*Автор-корреспондент:*  
Шағырбай А.Д.,  
almasbek85@gmail.com

*Сілтеме:* Сатершинов Б.М., Шағырбай А.Д., Мейманхожа Н.Р., Жүнісбаев Ш.Д., Анафина Н.К. Қожа Ахмет Йасауи ілімі және ислам дінінің қазақ даласына ену ерекшеліктері // Адам әлемі. – 2026. – Т. 28. № 1 (107). – Б. 151-160.

### Учение Ходжа Ахмета Йасауи и особенности проникновения ислама в казахской степи

**Аннотация.** Известно, что традиционные ценности казахского народа на протяжении многих веков формировались под влиянием мировоззренческих представлений в исторических культурных реалиях и традициях народа. Общеизвестно, что существуют личности, внесшие значительный вклад в становление традиционного общества, исторического культурного сознания и религиозного познания. В современную эпоху глобализации под влиянием религиозного буквализма и нетрадиционных религиозных течений и групп выделяются организации, призывающие к отказу от ценностей традиционного познания со стороны молодежи. Для профилактики тенденций в этом направлении среди молодежи, важно рассмотреть популяризацию духовного наследия известного в Туркестанском регионе религиозного деятеля, поэта, мыслителя Хазрета Султана Ходжи Ахмеда Йасауи. В числе главных духовных личностей тюркского мира обладающего титулом Хазрет Султан и в хикметах содержащие духовное звание пропагандируются идеи религиозной стабильности и созидания. В произведениях поэта часто рассказывается о мусульманской культуре и учении совести. В статье исследуются становление Ахмета Йасауи как духовной личности, жизненный путь и ориентация, особенности проникновения ислама в казахскую степь путем рассмотрения ряда агиографических данных, охватывающих религиозные, политические, исторические и культурные особенности среды, в которой жил мыслитель. На основе методологии в религиозной науке было проведено исследование с подходами агиографического и текстового анализа жизни личности поэта, изучены особенности распространения ислама.

**Ключевые слова:** ислам, йасауийа, караханиды, ходжи, саманиды, тариқат, тасаууф.

### The Teachings of Khoja Akhmet Yasawi and the Peculiarities of the Spread of Islam in the Kazakh Steppe

**Abstract.** It is known that the traditional values of the Kazakh people have been forming worldviews about the historical cultural realities and traditions of the people for many centuries. It is well known that there are individuals

who have made a significant contribution to the formation of traditional society, historical cultural consciousness and religious knowledge. In today's era of globalization, under the influence of religious literalism and non-traditional religious movements and groups, organizations calling for the rejection of the values of traditional knowledge by young people stand out.

To prevent trends in this direction among young people, it is important to consider the popularization of the spiritual heritage of the famous religious figure, poet, and thinker Hazret Sultan Khoja Ahmed Yasawi in the Turkestan region. Among the main spiritual personalities of the Turkic world, the Hikmet, who have the title of Hazret Sultan and the spiritual title, promote the ideas of religious stability and creation. The poet's works often talk about muslim culture and the teachings of conscience. The article examines the formation of Ahmet Yasawi as a spiritual personality, his life path and orientation, and the peculiarities of the penetration of Islam into the Kazakh steppe by examining a number of hagiographic data covering the religious, political, historical and cultural features of the environment in which the thinker lived. Based on the methodology in religious studies, a study was conducted using the approaches of hagiographic and textual analysis of the poet's personal life, and the peculiarities of the spread of Islam were studied.

**Key words:** Islam, Yasawiya, Karakhanids, Khoji, Samanids, Tariqa, Tasauf.

### ***Kіpіcne***

Қожа Ахмет Йасауи бүкіл түркі халықтарына кеңінен танымал көрнекті ислам ойшылы әрі әулие, сопылық тариқаттың негізін қалаушы қайраткер әрі дін таратушы, соңына мыңдаған шәкірттерімен қатар діни, философиялық және әдеби мол мұра қалдырған ақын әрі ағартушы. Мақалада қазақтың дәстүрлі дүниетанымында ерекше орны мен маңызы бар Қожа Ахмет Йасауи негізін қалаған сопылық діни бағдар ортағасырлық түркі кезеңінде ислам дінінің Орталық Азияға ену ерекшеліктері аясында талданады. Өйткені, ислам қазақ халқының діни руханиятының негізі болып табылады. Қазақ даласындағы исламның теориясы мен практикасы сүннет бағытындағы ханафилік мәзһабпен сипатталса, исламның рухы мен дүниетанымын қалыптастыруда түркілік сопылық пен тариқаттың да ықпалы зор болды. Бұл ерекшелікті айқындауда сол заманда Орталық Азия мен Хорасанда билік құрған Саманилік және Қарахандық әулеттердің ұстанған діни саясатын зерделеу маңызды. Сондықтан мақалада Мәуреннаһрдағы исламның қазақ дүниетанымына бейімделуі, йасауи тариқатының ерекшеліктері мен оның теологиялық бағыты дінтанулық қырынан тұжырымдалады.

Ерте ортағасырлардан бастап Қазақстанның территориясында түркітілдес тайпалардың еуразиялық даладағы және әлемдік геосаяси сахнадағы рөлі күшейе түседі. Әрине, бұл алдыңғы ерте темір дәуірінен, яғни сақ, ғұн, үйсін, қаңлы дәуірлерінен келе жатқан тарихи және мәдени үрдістердің қисынды сабақтастық жалғасы болатын. Біздің заманымыздың VI - XIII ғасырдың басына, яғни Шыңғыс хан мен

оның ұлдарының құрған империяларына дейін Орталық Азия мен одан тысқары жерлерде он төрт түркі тілдес әулеттердің билігіндегі мемлекеттер болған екен. Еуразиялық тарихқа үлкен әсерін тигізген бұл ерте түркі мемлекеттері зерттеушілердің қызығушылығын тудыруда. Оның үстіне бұл біртұтас түркі тарихи-мәдени кешенге ислам дінінің таралуы зор ықпал етті. Нәтижесінде Мәуреннаһр араб-парсы-түркі өркениеттерінің шеткі перифериясы емес, біртұтас мұсылман мәдениетінің ірі орталықтарының біріне айналды.

X-XII ғасырлар аралығында бұл өлкеден көптеген ислам ғұламалары шыққан. Бүкіл әлемнің интеллектуалдары мойындаған әл-Фарабиді айтпағанда, біртұтас мұсылман мәдениетінің ірі орталықтарының біріне Хұсамаддин ас-Сығнақи, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашқари және Қожа Ахмет Йасауи тәрізді руханият саласының алыптары осы кезеңде өмір, сүріп шығармашылықпен айналысты. Біздің мақалаға арқау болып отырған Қожа Ахмет Йасауидің шығармашылық мұрасы діни, философиялық және әдеби қырынан біршама зерттелген. Түркістандық пірдің өмірі мен шығармашылығын орыс ориенталистері В.В. Бартольд, В.В. Григорьев пен шетелдік шығыстанушылар А.Вамбери, Д.ДиУис зерттесе, түркі ғалымы М.Ф. Көпрұлы аталмыш тақырыппен анағұрлым терең айналысты. Атақты ақын сопының мұрасының әдеби қырлары қазақ зерттеушілері Ә. Қоңыратбаев, Х. Сүйіншәлиев, Р. Бердібаев, Ә. Дербісәлиев еңбектерінде көрініс тапты. Ал кейінгі онжылдықтарда Ә.Мүминов, А. Әбуов, Д. Кенжетаев, Н. Нұртазина және т.б. Йасауи шығармашылығын арнайы зерттеулеріне арқау етті.

### **Әдіснама**

Біз осы мақаланың барысында жоғарыда аталған ғалымдардың тарихи ретроспективалық, сондай-ақ философиялық және теологиялық қырынан жасалған талдауларына сүйенеміз. Яғни тарихилық пен логикалықтың бірлігі, сонымен қатар герменевтикалық тәсілдер біздің мақаламыздың теориялық әдіснамалық негізін құрайды. Сондай-ақ, Йасауи мұрасы мен тариқатындағы ислами құндылықтардың жергілікті түркі және кейінгі қазақ дәстүрлі мәдениетіне бейімделіп таралуын зерттеу барысында ауызша деректерге, шежірелік дәстүр мен насабнама үлгілеріне сүйенеміз. Бұл осы мақаланың әдіснамалық жаңашылдығын білдіреді. Агиографиялық деректерді қолдану арқылы мақаланың мақсаты мен міндеттеріндегі негізгі ғылыми танымдық пайымдарға талдау жүргізуге қосымша мүмкіндік тудырады. Мақала мәтініндегі зерттеу әдіснамасы заманауи ғылыми бағыттағы маңызды әдістерді қамтиды, осыған орай басты зерттеу жұмыстың мәні мен мағынасын кеңінен қарастыруға оңтайлы мүмкіндік тудырады.

### **Негізгі бөлім**

Қожа Ахмет Йасауи - түркі халықтарының рухани тарихында айрықша орны бар концептуалды тұлға. Орталық Азияның агиографиялық еңбектерінде оның «Машаих-и түрк» (түркі шейхтарының көшбасшысы) және «Пир-и Түркістан» (Түркістан пірі) деген лауазымдармен аталуы соның айқын айғағы. Атап айтқанда, «Пир-и Түркістан» титулы алғаш рет Фарид ад-Дин Аттардың «Мантиқ ат-Таир» атты еңбегінде кездесіп, онда сопылық ілім өкілінің тұлғалық болмысына қатысты маңызды деректер келтіріледі. Йасауи ілімінің Сырдарияның солтүстік өңірін (Дешті Қыпшақ) мекендеген көшпенді түркі тайпалары, атап айтқанда, қазақ халқының этногенезін құраған топтар арасында кеңінен таралуы оның ұлттық болмысымыз бен дүниетанымымыз үшін маңыздылығын арттыра түседі. Агиографиялық деректер мен халықтық аңыздарға сүйенсек, Алтын Ордада Өзбек ханның тұсында исламның мемлекеттік дін ретінде орнығуына Йасауи мектебінің өкілдері (Сайид ата, Садр

ата, Бадр ата, Ұзын Хасан ата және т.б.) тікелей ықпал еткен. Қазақ хандығы кезеңінде билеуші элитаның Қожа Ахмет Йасауи кесенесін саяси легитимділік ордасы ретінде қарастыруы - тарихи сабақтастықтың көрінісі. Мемлекет қайраткерлері мен хан-сұлтандардың осы пантеонда жерленуі Йасауи мұрасының тек діни ғана емес, мемлекет құрушы идеологиялық күшке ие болғанын дәлелдейді.

Қожа Ахмет Йасауи 1103 – 1166 жылдары Сайрам мен Түркістан аумағында өмір сүрген. Бұл даталар пайғамбар жасына меңзеп тұр, яғни осы жасында ол Түркістан пірінің жер асты – қылуатке түсіп, рухани шығармашылықпен айналысқанын білдіреді. Нақты қанша жыл өмір сүргендігі туралы пікірлер әртүрлі, біреулер жетпіс үш жыл, біреулер жүз отыз жыл өмір сүрген деп айтады. Ең көрнекті йасауитанушы түрік ғалымы Фуат Көпрұлы түркістандық ғұламаның өмір сүрген мезгілін XI ғасырдың бірінші жартысы деп анықтайды [1]. Аңыз әңгімелерде ұстазы Арыстан бабтан сахабалардан қалған заһири және батини ілімдердің сыры мен қырын алған. Орталық азиялық түркілер арасында орасан зор құрмет пен шексіз сүйіспеншілікке ие болған тұлға. Қазақтар арасында «Әзірет Сұлтан» деген мейлінше ілтипатты есіммен аталады. Йасауидің өзі Қожа Ахмет ныспысының алдына Жаратушыға деген риясыз сенімі мен шүкіршілігін білдіру үшін «құл» атауын қосатын болған. Яғни өзін «құл Қожа Ахмет» деп таныстыратын болған.

Сонымен, Әзірет сұлтан XII ғасырда өмір сүрді. Бұл ғасырдың саяси тарихына келер болсақ, Қазақстанның оңтүстігі мен оңтүстік-шығысында (Мәуреннаһр, Қашқар мен Жетісуда) Қарахан әулетінің құрған қағанаты (“Қарахан мемлекеті” терминін ғылыми айналымға шығыстанушы ғалым В.В. Григорьев (1816–1881 гг. [2, 189 б.]) енгізді) үстемдік етсе, оңтүстік батысы (Сыр өңірі) мен солтүстігінде (Дешті Қыпшақ) сәйкесінше, оғыздар мен қыпшақтардың хандықтары салтанат құрды. Аталмыш кезеңде бұл территорияда түркі тайпалары арасында ислам діні кеңінен тарай бастаған. Алайда XII ғасырдың соңы мен XIII ғасырдың басында шығыс жақтан будда дінін ұстанатын қидандар мен қарақытайлардың және христиан дінін ұстанатын керейлер мен наймандардың шабуылы, ақырында Шыңғыс

хан мен оның ұлдарының бастаған моңғол шапқыншылығы орын алды. Яғни Йасауидің өмір сүрген заманы дін таралуының алмағайып заманына тура келеді.

Әдетте, сол замандағы қазақ даласына ислам дінінің таралуын 751 жылы араб пен қытай әскері қақтығысқан Қарлұқ еліндегі Талас шайқасынан бастайды. Кейінірек, ыдырауға ұшыраған қарлұқ тайпалары конфедерациясының негізінде Орталық Азия түркілерінің тұңғыш мұсылман мемлекеті – Қарахан қағанаты Жетісу мен Шығыс Түркістанда құрылды. Мемлекеттің негізін қалаушы Сатұқ Боғра хан (915-955 жылдар, шығу тегі Афрасиаб – Алып Ер Тоңғадан, мұсылманша есімі Әбділкерім) жаңа дінді алғаш қабылдаған аты аңызбен көмкерілген тұлға болды [3, 34 б.]. Шоқан Уәлиханов келтірген аңыздарда бұл ханды саманилік қожа, тақуа ғалым әрі саудагер Әбу Насыр әс-Самани ислам дініне қаратқан екен, оның түсіне Мұхаммед пайғамбардың өзі кіріп, Түркістандағы осы болашақ жиһангер билеушіні мұсылмандыққа тартудың құрметті миссиясын жүктеген көрінеді [4, 322 б.].

Осы орайда Қарахан мемлекетіне дейін түрік тайпаларының мұсылмандануына Аббасилер әулетіне номиналды бағынышты болып, Самарқанд пен Бұқарада, сондай-ақ Қорасанда билік жүргізген ирандық Самани мемлекетінің (819-999 жылдары) үлкен әсері болғанын айта кету керек. Яғни түркілерге дейін парсылар мұсылмандық қабылдады, Қарахан дәуірінде түркілердің ислами мәдениеті гүлденгенге дейін Самани әулетінің билігі ғылым мен мәдениеттің өркендеуіне үлкен үлес қосқан «интермеццо» рөлін атқарды. Парсы тіліндегі «намаз», «ораза», «күнә», «пайғамбар», «періште», «шілде» және т.б. діни терминдер мен аптадағы күн атаулары түріктердің лексиконына еніп кетті.

Қазақ фольклоры мен агиографиясында ислам дінінің Түркістан аумағына енуі әйгілі Талас шайқасымен басталмайды, одан арыға, тіпті Пайғамбар мен сахабалар заманына дейін кетеді. Мұның айғақтары «түркілерге тиіспеу» туралы, «түріктердің Константинопольді алатыны» туралы хадистермен қуаттала түседі. Дарияның арғы жағындағы (Мәуреннахр) түркі жеріне келіп (Түркістанға) келіп дінді жайған

сахабалар мен табиғиндардың қатарына Арыстан баб (Салман Фарси), Укаша Ата (Уккаша), Садуакас (Са'д ибн Аби Уаккас), Сейіт Баттал (Мұхаммед әл-Ханафийаның ұрпағы) және т.б. жатқызылады. Ислам дінін әскери жолмен («фәтх») де, тақуалық жолмен (парсыша «баб» қақпаны білдіреді) де ашудың бастауында осы тұлғалар тұрған. Қазақ халқының аңыз әңгімелерінде Мұхаммед пайғамбардың үйішіне кіресілі болған Салман Фарсиді Арыстан бабпен сәйкестендіреді. Ал Қожа Ахмет Йасауи ислам аманатын – сопылықтың символын білдіретін құрма сүйегі мен қырқа шапанды осы ұстазынан алған.

Жергілікті түркі тайпалары арасында, әсіресе, пайғамбардың күйеу баласы әрі одан қалған «зұлпықардың» (қос тілді қылыштың) иесі, имандылық пен батырлықтың үлгісі Әзірет Әлінің беделі ерекше болды. «Мұртаза» (кейде Нұртаза), «Шерәлі», «Әлішер» есімдері қазақ арасында кең таралған, Маңғыстау мен Атырау аймақтарында әлі күнге дейін адам есімдерінің соңына «әлі» немесе «ғали» жұрнақтарын жалғау көп кездеседі.

Ислам тарихындағы бүлік соғыстар осы төртінші турашыл сахаба Әзірет Әлінің кезінен басталады. Пайғамбардың Әзірет Әлі мен бибі Фатимадан өрбіген немерелері Асан мен Үсеннен әһли бейт таратылады. Үлкені Асан (ұрпақтары шәріп қожалар) халифаттағы Мұғауияның билігін мойындады да, кішісі Үсеннің (ұрпақтары сейіт қожалар) жақтастары (шиға) билік тарапынан қудалауға ұшырап, Иран жерінен пана тапты және ары қарай Тұран аймағына дінді таратуға белсене атсалысты. Табиғиндер дәуірінде өмір сүрген әһли сунна уәл жамағаданың төрт мәзһабтың бірінің негізін қалаушы Имам Ағзам Әбу Ханифаның да әһли бейтті жақтағаны үшін жазаға тартылғаны, өзінің тегі хорасандық парсы әулеті екендігі белгілі. Билік басындағы Умейиа әулеті араб пен аджам (араб емес) арасын қатаң қадағаласа, 750 жылы билікке келген Аббаси әулеті исламды демократияландыру мен интернационалдандыруға ниетті болды. Мәуреннахр мен Түркістан аймағына ислам дінін таратуға Әзірет Әлінің екінші әйелі парсы ханшайымы Әнипадан (Ханафия) туған Мұхаммед ибн Әли әл-Ханафийадан тарайтын ұрпақтар да үлкен үлес қосты.

Орталық Азия мен далалық Еуразия аймақтарындағы түркі халықтары мен тайпаларының ислам дінін қабылдауы мен таралуына қатысты терең зерттеулерімен [5] белгілі қазақстандық ғалым Нәзира Нұртазинаның пікірінше, діннің жайылуына өз шығу тегін аһли бейт (Пайғамбар әулетінен, Әлиден тарайтын ұрпақ) пен турашыл сахабалардан (Әбу Бәкір (қылауыз қожа) және Омардан (қырықсадақ қожа) тарайтын ұрпақ) алатын ерекше әлеуметтік топ – «қожалардың» рөлі ерекше болған. Әсіресе, Әли ибн Әбу Тәліптің баласы Хұсейннен (Үсеннен) тарайтын сейіт қожалардың – бақсайыс қожа (Бақсайыс – Қамаладдин шайқы, Қожа Ахмет Йасауидің замандасы) қарахан қожа (Қарахан баба Әбдірахым баб), дуана қожалардың (Мәдіқожадан тарайды) мәртебесі жоғары. Қожа Ахмет Йасауидің шежіресі де (бір нұсқада тараса, екінші бір нұсқада арғы бабасы Ысқақ баб Мұхаммед әл-Ханафийадан тарқатылады) қазақ арасындағы ақсүйек тұқымға барып тіреледі. Тіпті Орта жүзді құрайтын қазақ руларының қожалардан тарайтыны туралы аңыз әңгіме де кездеседі. Қазақ халқының ру-тайпалық шежіресіне қожалар әулетінің насаб-намасы әсер еткенін Әшірбек Мүминовтің [6] және Зікірия Жандарбектің [7] зерттеулерінен байқауға болады.

Сонымен Қожа Ахмет Йасауидің бабасы Ысқақ баб түркі тайпалары арасында ислам дінін таратуды белсенді жүргізгендіктен Исхақ ат-Түрік аталған, жергілікті халық арасында Баб-ата есімімен Түркістан облысы Созақ ауданындағы осы аттас ауылда жерленген. Оның інісі Әбдіжәлел бап та діни ағартушы әрі қолбасшы болған, ол Хорасан ата деген атпен Сырдарияның Жаңақорғанға жақын оң жағалауында жерленген. Екеуінің де мазары халық зиярат ететін сакралды нысандарға жатады. Осылайша, Қожа Ахмет Йасауи ұлы бабаларының жолын рухани жолмен жалғастырған және хақ дінді көшпелі халыққа тариқат арқылы сіңірген қайраткер.

**Қожа Ахмет Йасауи  
шығармашылығындағы  
діни және философиялық идеялар**

Йасауидің тұлғасына деген жергілікті халықтың махаббаты мен құрметі қасиетті

Түркістан қаласында оның қабірінің басына орнатылған зәулім күмбезді кесенемен қатар, өмірінің соңын жер астында шығармашылықпен өткізген қылуәтпен қоса тұтас кешенді құрайтын мавзолейіне ағылған зияратшылардың үзілмейтінінен аңғарылады. Бұл киелі орынды «екінші Мекке» деп те атайды. Әйгілі әмір Ақсақ Темірдің пәрменімен салынған бұл мавзолей Йасауидің даңқын одан әрі арттыра түсті. Қожа Ахмет Йасауидің тұлғасын бір-екі ауыз сөзбен түйіндеу қиын, оның ойы мен бойына сыйған терең рухани қабілет пен жан-жақты сауапты қызметті ашу үшін оның өмірі мен шығармашылығына мұқият үңілу қажет болады.

Қожалар әулетінен шыққан Ахмет Сайрамда дүниеге келген, он жеті жасынан Түркістанға қоныс аударған. Ол заманда Испиджаб аталған Сайрам Отырар (Фараб), Түркістан (Йасы), Тараз, Баласағұн, Сауран, Сығанақ, Шаш, Жент, Өзкент және т.б. қалалар сияқты мешіт, медресе, текке, забиялары бар ислами рухани орталықтардың бірі болатын. Бұл жерден көптеген ислам ғұламалары – факихтар мен үлемдер шыққан. Әкесі де белгілі әулие кісі болған, анасы Айша (Қарашаш ана) атақты Мұса шайхының қызы болған. Өз кіндігінен Ыбыраһим шайхы атты ұлы және Гауһар Хошназ атты қызы, Йасауидің ұрпақтары осы қызынан тараған. Бұл туралы ақынның әйгілі «Даналық жинағының» хикметтерінде

Ысқақ баба жұрыны, шейх Ибраһим Құлыны,

Машайықтар ұлығы - шейхым Ахмет Йасауи.

...Ясы оның арасы, жатыр гауһар парасы,

Машайықтар сарасы - шейхым Ахмед Йасауи [8],

деп жырланады. Осындай рухани орта мен киелі текте өсіп өнген пірдің есіміндегі «қожа» оның шығу тегін білдірсе, өз ныспысы «Ахмет» пайғамбардың лақап атын байқатады, ал «Йасауи» оның Йасы қаласы тұрғыны екенін айғақтайды. Ауызша деректерде және кейбір жазба деректерде, мысалы, Кашифидің «Рашахат-ул айн-ил хайат» атты еңбегінде Қожа Ахмет Арыстан бабтың он алты жыл шәкірті болғандығы айтылады. Жоғарыда айтылғандай, Арыстан баб тұлғасының төңірегінде және шәкіртінің одан сопылық аманатты арқалағаны жөнінде тылсымға толы

сырлар көп. Хикметтерде Ахметтің аян көргені, Пайғамбарды көргені, төрт жүз жылдан кейін оның аманатын арқалайтыны айтылады. Дегенмен аңыздың астарында ақиқат жататыны жасырын емес, күні бүгінге дейін діндарлар Арыстан бабтың басына барып түнемей, Қожа Ахметті зиярат етпейді. Йасауидің ұстазы ретінде Жүсіп Хамаданиді де атайды, мысалы Хазинидің «Жауаһир ал-Абрар мин Амуаж-ил Биһар» еңбегінде осындай дерек кездеседі.

Йасауи хикметтерінің жоғарыда келтірілген өлең сөздерін шәкірттерінің бірі жазғаны байқалып тұр. Құран мен Сүннетті, шарифатты жетік меңгерген Йасауи діннен араб дәстүрін алып тастап, оны түркілік нақышқа бейімдеді. «Диуани хикмет», «Миратул қулуб», «Фақырнама» және т.б. еңбектерін соңына өшпес мұра етіп қалдырды. Бұл шығармаларды шәкірттері хатқа түсіріп, көшіріп жазып, кейінгі буын ұрпаққа табыстап отырды. Түркістанның пірі атанған Йасауи сопылық тариқаттың негізін, үлкен мектептің негізін қалады. Адам баласын жасы мен жынысына, түрі мен түсіне, ұлты мен ұлысына бөліп қарамады. Тоқсан тоғыз мың шәкірт тәрбиелеген деп айтылады. Ең алғашқы шәкірті Арыстан бабтың ұлы Мансұр ата, келесі шәкірті Сайид ата Хорезми, үшінші шәкірті Хакім ата атанған Сүлеймен Бақырғани. Танымал шәкірттерінің бірі сопы Мұхаммед Данышменди Йасауидің «Миратул Қулуб» атты мұрасын хатқа түсірген екен. Сондай-ақ Садр ата, Бадр ата, Қажы Бекташ Әулие, Сары Салтұқ, Шейх Лұқпан Перенде сияқты әулие тұлғалар да оның шәкірттері саналады. Белгілі зерттеуші А. Беннигсон Қожа Ахмет Йасауидың Шопан ата және Зеңгі баба атты шәкірттерінің де болғанын айтады. Түрік ғалымы Мехмет Фуат Көпрұлы «мутасаууфтардың (сопылардың) өмірбаяны жайлы еңбектерде Ирак, Хорасан және Мәуреннахр сопыларынан басқа түркі шейхтары деп жүрген сопылардың барлығы дерлік Қожа Ахмет Йасауи тариқатының шейхтары еді» деп жазады.

Қожа Ахмет Йасауидің діни және философиялық идеялары оның Диуани хикмет, Фақырнама, Миратул қулуб шығармаларында теориялық тұрғыда көрініс тапқан ілімінен және практикалық тұрғыда жария зікірге сүйенген йасауи тариқатының амалынан

аңғарылады. Мұны сопылық жол немесе тасаууф деп атаса болады. Әдетте сопылық жолы төрт сатыдан тұрады: біріншісі – білім мен ізденістің жолы мағрифат; екіншісі – Бір және Барға иман келтірудің жолы шарифат; үшіншісі – нағыз сопылық жолы тариқат және төртіншісі – құдайды тану және оған еніп кету, яғни ақиқатқа жету. Сопының мистикалық «тариқат» жолының астарында мақамдар бар. Бұл аялдама мақамдардың саны жетіден қырыққа дейін, тіпті одан да жоғары болады. Осы бір аялдамаларға қатысты әл-Ғазалидің берген тоғыз классикалық анықтамасы бар. Мақамдарды топтастыруы сопылық мектептердің ішіндегі ең кең тарағаны болып табылады: 1) тәубе ету – күнәден арылу; 2) сабыр – төзімділік таныту; 3) шүкір – алғыс айту; 4) хауф – үрей; 5) амал-ражда – құдайдың рахымын күту; 6) фақр – материалды дүниені тәрк ету; 7) зухд – аскеттілік; 8) тәуекел – үміт ету; 9) мухабба (хубб) – махаббат.

Адам баласы ақиқат пен жалғандық арасындағы көпір болғандықтан, оның маңдайына ақиқат әлемінен өзін іздеп табу жазылған. Сондықтан исламдағы философиялық ойлар құдай ақиқатына қол жеткізу жолындағы ізденіске бағытталды. Ислам әлеміне осындай ақиқаты бар қасиеті кітап келген болатын, ол арқылы адам болмысының экзистенциалдық мәніне қол жеткізіліп, оның тағдыры анықталды. Қожа Ахмет Йасауи осы төрт сатының айрықшалығын былай деп атап көрсетеді: «Шарифат бойынша ақиқатқа қол жеткізу керек, тариқат – ғашықтарға сабақ».

### ***Йасауи тариқаты мен ілімінің кейінгі түркі және қазақ қоғамдарында дамуы***

Қожа Ахмет Йасауи ілімі исламның мистикалық дәстүрін (тасаууфты) түркі халықтарының дүниетанымы мен этикасына қарай бейімдей отырып, оны қарапайым халыққа түсінікті әрі өмірмен тығыз байланысқан рухани жүйе ретінде қалыптастырды. Соның нәтижесінде сопылық ілім жергілікті мәдени-рухани кеңістікте терең тамыр жайып, діни тәжірибенің қолжетімді әрі ықпалды үлгісіне айналды. Осы тұрғыда атақты нақшбандия шайхы Махдум-и Ағзам (1542 ж. қайтыс болған) Рисала-и Бабурийа

атты еңбегінде: Қожа Ахмет Йасауи алдымен ахфа (құпия) зікір жасағандығын, бірақ Түркістан аймағына келгеннен кейін бұл аймақтың халқын бұл зікірмен жөнге сала алмайтынына көзі жетіп, оларға зікірдің жахр (жария) түрін үйретуді жөн көргенін және тіпті олардың «қабылдау қабілеттері» немесе «бейімділіктеріне» (исти'ад) қарай зикр-и арра (ара зікірі) деп аталатын зікірдің жаңа түрін енгізгендігін айта отырып, мұнда ешқандай айып ('айб) жоқ екендігін, керісінше, өйткені пайғамбарларымыздың жолы дәл осындай болғандығын, оларға өз қауымдары мен уақыт жағдайына сәйкес аяттар түсірілген, деген дерек келтіреді. Орталық Азия суфизм тарихы бойынша маман Бахтияр Бабаджанов аталған дерекке сүйене отырып, мұнда Махдум-и Ағзамның жария зікірге деген айтарлықтай толерантылық ұстанымымен қатар басқа да қырларын байқау қиын еместігін, Махдум-и Ағзам Қожа Ахмет Йасауидің іс-жүзінде зікір жасау тәсілінің жергілікті мәдени дәстүрлер кешенінен туындағанын мойындайтындығын атап өтеді [9, 156 б.]. Бұл пікір сопылық тәжірибенің бір ғана қатаң үлгімен шектелмейтінін, керісінше, әр аймақтың тарихи-мәдени ерекшеліктеріне қарай дамиды құбылыс екенін көрсетеді. Осы тұрғыдан алғанда, Йасауи ілімі исламның мазмұндық негізін сақтай отырып, оның формаларын икемді түрде бейімдеген рухани жүйе ретінде сипатталады.

Нәтижесінде, Йасауи тарихаты қазақ даласында исламның орнығуына зор ықпал етіп, дінді тек сенім жүйесі ретінде ғана емес, қоғамдық қатынастар мен моральдық-этикалық құндылықтарды реттейтін тұтас дүниетаным деңгейіне көтерді. Бұл оның тар маңызын айқындай түседі.

Оның қалыптастырған ілімі мен тарихаты Түркістан мен Жетісудың отырықшы қала мәдениетінің тұрғындарына ғана емес, кең жазира түркі және қыпшақ даласын мекендеген көшпенді тайпалар үшін де тиімді әрі қолайлы болды. Стационарлы мешіті мен медресесі жоқ далалы аймақтың ру тайпалары дін мен сенім негіздерін осы тарихаттың пірлерінің демократиялық ұстындары арқылы үйренді. Яғни, көшпенділерге ислам негіздері шарифатқа сүйенген тарихат жолы арқылы таралды.

Бұл тарихат адамгершілік пен гуманизм, сабыр мен төзімділік және рухани теңдік идеяларын таратты. Йасауи ілімі адамның өз ішкі әлемін жетілдіру арқылы нәпсіні тәрбиелеуге баса назар аударды. Адамның ақылы мен сенімі ардың тазалығымен және қоғамға қызмет етумен байланыстырылды. Тарихаттың өкілдері сопылық ақылақтың қайырымдылық, сүйіспеншілік және қанағатшылдық қағидаларын ұстанып, түркі халықтарының ортақ рухани кеңістігін қалыптастыруға үлкен үлес қосты. «Диуани хикмет» өзіндік бір «рухани оқулыққа» айналды, оғыз-қыпшақ тіліндегі сопылық поэзия түркілік жазба дәстүр мен рухани бірегейліктің қалыптасуына зор ықпал етті.

Әрине, Шыңғысхан мен оның ұрпақтарының жарты әлемді жаулап алуы және оның «Жасыға» сүйенген идеологиясының ықпалы өте мықты болды. Шыңғысшылдық идеологиясы да аспаннан түскен жоқ, ол бұрыннан сайын далада, түркі және моңғол халықтарында қызмет етіп келген Дала заңдарының негізінде жатқан еді. Десек те, Шыңғыс тұқымы мен төрелерде саяси басқарушылық болғанымен, рухани билік ислам дінінің белең алуының барысында қожа-молдалардың қолында болды. Сондықтан қожалар төрелермен қатар ақсүйектер қатарына кірді. Он төртінші ғасырда Самарқанд әмірі Ақсақ Темірдің үлкен империя құрғаны, ислам дінін қызғыштай қорғағаны және Қожа Ахмет Йасауидің басына зәулім кесене орнатып, бұл тарихатқа қолдау көрсеткені мәлім. Йасауи тарихатының өкілдері кезінде Сыр бойынан жөңкі көшкен оғыз тайпалары барып орнығып, Осман мемлекетінің үлкен империясын құрған Анадолы жұртына барып дінді насихаттады. Өзбек ханның тұсында Алтын Орда империясына ислам діні Еділдің екі жағындағы ең далада үстемдік етті. Зерттеуші Нәзира Нұртазина айтқандай, «Алтын Орда кезеңінде түркі көшпенділігі (номадизм) мен софылық ислам тамаша үйлесімге келіп, мәдени-әлеуметтік синтез ретінде қалыптасып болды... Түркілер өз тілін, келбетін жойған жоқ, көшпенділікке тән тамаша сипаттар сақтала берді, ислам нұрына бөленген соң ол енді «өркениетті көшпенділікке» айналды» [5].

Орталық Азияда XIV-XV ғғ. йасауи мен нақшбанди тарихаттары арасындағы шексіз бәсекелестік XVI ғ. қарай біртіндеп реттеліп,

соңғысының үстемдігіне әкелді. Сондықтан Қазақ хандығы тұсында да йасауиә ілімі мен тариқаты біршама ықпалға ие болып, әйткенмен біртіндеп ол нақшбандиә тариқатына жол бере бастайды. Бірақ йасауидің ілімі мен жолы қазақ мәдениетінен мүлдем жойылып кеткен жоқ, ұлттың руханиятынан өзіне лайық берік орын алды. йасауиә дәстүрі саяси аренада нақшбандиә тариқатына жол беруге мәжбүр болғанымен, халықтық діни практика және кеңірек қауымдық идентификация саласында жеңді. йасауиә дәстүрі тек тар сопылық қауыммен шектеліп қоймай, Орталық Азияның кең қоғамына әсер етті. «Йасауиә дәстүрі» деп тек Қожа Ахмет йасауидің ілімі мен практикаларына қатысты сопылық топтарды ғана емес, сонымен қатар, осы топтардың Орталық Азия қоғамында кеңінен таралған діни, әлеуметтік және әдеби мұралары ретінде де қарастырған жөн. Бұл кеңірек мұра йасауиә стиліндегі зікірге негізделген халықтық діни практикаларды қамтиды. Ол, сондай-ақ, йасауиә сопыларына немесе осы силсилаға қабылданған адамдарға қатысты әулие орындарын құрметтеу рәсімдерін де қосады. Сонымен бірге, йасауиә дәстүрі исламды қабылдау процесімен байланысты әңгімелерді және Ахмет йасауидің мұрасымен байланысты тұлғалар арқылы қауымдық идентификацияны қалыптастыруды да қамтиды. Бұл кең мағынада йасауиә дәстүрі Ахмет йасауидің мұрасы бүгінге дейін қалай сақталғанын көрсетеді. Мұнда «Йасауиә» деп аталатын ұйымдасқан сопылық қауым болуы екіталай екенін атап өту маңызды. Бұл кең түсінік бізге сопылық тариқаттың белгілі бір уақытта қандай болғанын, оның қоғаммен қалай өзара әрекеттескенін және оның мұрасы сопылық қауымнан тыс кең ауқымдағы Орталық Азия мәдениетінің меншігіне қалай айналғанын түсінуге көмектеседі [10, 206 б.].

Соңғы ғасырларда ресейлік отаршылдық пен кеңестік тоталитаризмді бастан өткізіп, бүгінгі күннің жаһандануы барысында қазақстандық қоғам үшін өзінің рухани тамырлары мен ұлттық құндылықтық бағдарларын сақтап қалу мейлінше өзекті болып отыр. Қоғам индивидуализмнің өсуі, құндылықтардың коммерциялануы, кибер діни шектен шығушылық, буынаралық байланыстың әлсіреуі сияқты рухани-

адамгершілік тұрғыдағы шайқалыстармен бетпе бет келіп отыр. Сондықтан осы төл өркениеттік негіздерді әлсіретіп алмау үшін йасауидің мұрасына жүгінудің жөні бар.

Йасауиә ілімінің тарихи маңызын бағалауда оның тек діни-рухани құбылыс қана емес, сонымен қатар әлеуметтік-мәдени интеграцияның маңызды факторы болғанын ескеру қажет. Түркілік ортада исламның орнығуы тек саяси билік немесе әскери ықпал арқылы емес, дәл осындай сопылық ағымдардың ықпалымен жүзеге асты. йасауиә тариқаты халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігіне терең еніп, оның дүниетанымдық бағдарларын қайта қалыптастырды. Бұл үдеріс әсіресе көшпелі қоғам жағдайында ерекше мәнге ие болды, өйткені мұнда жазба мәдениеттен гөрі ауызша дәстүр, рухани бедел және тұлғалық ықпал басым болды.

Йасауиә жолының тартымдылығы оның қарапайымдылығы мен түсініктілігінде еді. Хикметтер арқылы берілген діни-этикалық насихат халық санасына тез сіңіп, ұрпақтан-ұрпаққа ауызша түрде таралып отырды. Сонымен қатар, бұл ілім адамның ішкі рухани таза-руына, адамгершілік кемелденуіне бағытталды. йасауиә дүниетанымында имандылық тек діни рәсімдерді орындаумен шектелмей, мінез-құлық мәдениетімен, әділеттілік, сабыр, қанағат сияқты құндылықтармен тығыз байланыста қарастырылды.

Сопылықтағы ұстаз бен шәкірт арасындағы рухани байланыс қоғамдағы әлеуметтік қатынастардың да өзіндік моделін қалыптастырды. Бұл байланыс тек діни тәрбие беру құралы ғана емес, сонымен бірге мәдени сабақтастықты қамтамасыз ететін маңызды механизм қызметін атқарды. йасауиә тариқаты арқылы қалыптасқан бұл жүйе қоғамда рухани тұрақтылық пен бірегейлікті сақтауға ықпал етті.

Осы тұрғыдан алғанда, йасауиә ілімі қазақ даласында исламның орнығуын жеделдеткен негізгі рухани тетіктердің бірі болды деуге толық негіз бар. Оның ықпалымен қалыптасқан дүниетаным кейінгі қазақ қоғамының діни санасы мен мәдени болмысының ажырамас бөлігіне айналды. Сонымен қатар, йасауиә мұрасы қазіргі заман жағдайында да өзектілігін жоғалтпайды, өйткені ол дәстүрлі діни танымды сақтай отырып, қоғамдағы рухани тұрақтылық пен үйлесімділікті қамтамасыз етудің маңызды

негіздерінің бірі болып табылады. Сондықтан Йасауи мұрасын зерделеу тарихи өткенді танумен қатар, қазіргі діни үдерістерді түсінуде де маңызды ғылыми міндет болып қала береді.

### **Қорытынды**

Йасауидің дәстүр мен замана талабының үйлесімі туралы идеялары Қазақстанда қолға алынған «Рухани жаңғыру» бағдарламамен үндеседі. Түркістандық пір уақытысында ислам дінін ұлттық құндылықтармен және гуманистік ұстындармен ұштастырды, бұл болса руханилықтың қазақстандық үлгісін қалыптастыруға септігін тигізеді. Бұл тұрғыдан алғанда Йасауи мұрасын игеру, оның қазіргі қоғам мен заманға потенциалды мүмкіндігін пайдалану мәдени жады мен тарихи сананы жаңғыртудың актісі ғана емес, өзара сенімге, қайырымдылық пен жасампаздыққа негізделген орнықты рухани ауанды қалыптастырудың стратегиялық ресурсы.

Йасауи шығармашылығындағы идеялар заманауи кезеңде бірнеше бағыттардағы рухани жаңғыртушылықтың этикалық-философиялық негіздері бола алады. Мысалы, біріншіден, діни сананы үйлесімге келтіру. Йасауи ішкі үйлесімділік пен төзімділікке үндеген, бұл болса Қазақстандағы дінаралық сұхбатты дамытуға септігін тигізеді. Екіншіден, рухани тәрбиені жаңғырту. Йасауи іліміндегі тәкаппарлықтан бас тартып, қанағатшыл болуға, шынайы ихсанға бет бұру, ел мен дінге қызмет ету жастардың рухани-адамгершілік білімі мен тәрбие бағдарламаларына негіз бола алады. Үшіншіден, мәдени бірегейлікті сақтау. Әзірет сұлтанның мұрасы арқылы тарихи сабақтастық пен рухани құндылықтарға негізделген ұлттық бірліктің қазақстандық үлгісін бекітуге болады. Төртіншіден, қоғамның моральдық орнықтылығын қалыптастыру. Әлеуметтік трансформациялар жағдайында йасауилік ішкі тазалық пен әлеуметтік әділдік идеялары арқылы рухани тоқырауды игеріп, адамдар арасындағы сенімді нығайтып, Қазақстанда адал азамат пен әділ қоғам қалыптастыруға болады.

Қорыта айтқанда, Қожа Ахмет Йасауидің жасампаздығы мен рухани мұрасы адамгершілік даналық пен гуманистік бағдарлардың сарқылмас қайнар көзі болып табылады. Оның иман мен ислам, ихсан мен тақуалық

туралы идеялары қазіргі Қазақстанның рухани ауасын сауаттандыруға әлеуеті бар. Йасауи идеялары жауапты да жасампаз тұлғаны қалыптастыра, қоғамның рухани негіздерін бекіте отырып, дәстүрлі құндылықтар мен заманауи дүниетанымды біріктіруге қабілеті бар этикалық компас бола алады.

### **Қаржыландыру**

Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің қаржыландыруымен BR28713063 «Ясауи жолы: Қазақстандағы дәстүрлі сопылық ілімнің діни-философиялық, әдеби және лингвистикалық мұрасын кешенді зерттеу» бағдарламалы нысаналы жобасы аясында орындалды.

### **Әдебиеттер тізімі**

- 1 Түркістан: халықаралық энциклопедия / бас ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2000. – 656 б.
- 2 Григорьев В. В. Караханиды в Мавераннагре по Тарих-и Мунеджжима баши в османском тексте с переводом и примечаниями // Труды Восточного отделения ИРАО. – СПб., 1874. – Т. 17. – С. 189.
- 3 Молотова Э. М. Тазира-йи Бугра хан: история и культура Караханидского государства. – Алматы: Мир, 2016. – 208 с.
- 4 Валиханов Ч. Ч. Самани // Собр. соч. – Алма-Ата: Главная редакция Казахской советской энциклопедии, 1985. – Т. 4. – С. 322–328.
- 5 Нұртазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам (тарихи-мәдениеттанулық зерттеу). – Алматы: ҚазМӨҒЗИ, 2002. – 208 б.
- 6 Муминов А. К. Казахские ходжи // Shygys (Восток). – 2004. – № 1. – С. 229–235.
- 7 Жандарбек З. «Насаб-нама» нұсқалары және түркі тарихы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2002. – 168 б.
- 8 Яссауи Ходжа Ахмед. Хикметы. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
- 9 Бабаджанов Б. М. О видах зикра джахр среди братств Центральной Азии // Историко-культурные взаимосвязи Ирана и Дашт-и Кипчака в XIII–XVIII вв.: материалы международного круглого стола. – Алматы: Дайк-Пресс, 2004.
- 10 DeWeese D. The “Mashā'ikh-i Turk” and the “Khojagān”: Rethinking the Links Between the Yasavi and Naqshbandi Sufi Traditions // Journal of Islamic Studies. – 1996. – Vol. 7, No. 2. – P. 180–207.

### **Transliteration**

- 1 «Turkistan» Halykaralyk jenciklopedija / bas. red. A. Nysanbaev [“Turkistan” International Encyclopedia] – Almaty: «Kazak jenciklopedijasy» Bas redakciyası, 2000. – 656 b. (in Kaz)
- 2 Grigor'ev V.V. Karahanidy v Maverrannage po Tarih-i Munedzhzhima bashi v osmanskom tekste s perevodom i primechanijami [The Karakhanids in Mawarannahr according to Tarikh-i Munajjim Bashi in the Ottoman text with translation and notes] // Trudy

Vostochnogo otdelenija IRAO. – Т. 17. – СПб., 1874. – С. 189. (in Russ)

3 Molotova Je.M. Tazkira-ji Bugra han: istorija i kul'tura Karahanidskogo gosudarstva [Tazkira-yi Bughra Khan: History and Culture of the Karakhanid State]. – Almaty: «Mir», 2016. – 208 s. – С. 34. (in Russ)

4 Valihanov Ch.Ch. Samani [The Samanids] // Sobr. soch. – 4-tom. – Alma-Ata: Glavnaja redakcija Kazahskoj sovetskoj jenciklopedii, 1985. – С. 322–328. (in Russ)

5 Nurtazina N. Kazak madenieti zhane islam (tarihi-madeniettanulyk zertteu) [Kazakh Culture and Islam (a historical and cultural study)]. – Almaty: KazMOGZI, 2002. – 208 b. (in Kaz)

6 Muminov A.K. Kazahskie hodzhi [Kazakh Khojas] // *Shygyz* (Vostok). – 2004. – N 1. – С. 229–235. (in Russ)

7 Zhandarbek Z. «Nasab-nama» nuskalary zhane turki tarihy [Versions of “Nasab-nama” and Turkic history]. – Almaty: Dajk-press, 2002. – 168 b. (in Kaz)

8 Jassavi Hodzha Ahmed. Hikmety [Wisdoms]. – Almaty: Dajk-Press, 2004. (in Russ)

9 Babadzhanov B.M. O vidah zikra dzhahr sredi bratstv Central'noj Azii [On the types of loud dhikr among the brotherhoods of Central Asia] // *Istoriko-kul'turnye vzaimosvjazi Irana i Dasht-i Kipchaka v XIII–XVIII vv. Materialy mezhdunarodnogo Kruglogo stola*. – Almaty: Dajk-press, 2004. (in Russ)

10 DeWeese D. The “Mashā'ikh-i Turk” and the “Khojagān”: Rethinking the Links Between the Yasavi and Naqshbandi Sufi Traditions // *Journal of Islamic Studies*. – 1996. – Vol. 7. – N 2. – P. 180–207.

## АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

*Бақытжан Меңлібекұлы  
Сатершинов*

бас ғылыми қызметкер, философия ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5094-9682

*Алмасбек Дүйсенбекұлы  
Шағырбай*

жетекші ғылыми қызметкер, PhD, қауымдастырылған профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-9146-1408

*Нұрмұхаммед Рысбайұлы  
Мейманхожа*

ғылыми қызметкер, PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: nurikmann@gmail.com, ORCID ID 0009-0000-4801-8347

*Шыңғыс Дәулетұлы Жүнісбаев*

ғылыми қызметкер, PhD докторант, ҚР ҒЖБМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, Алматы, Қазақстан, email: [shynggys.zhunisbayev@gmail.com](mailto:shynggys.zhunisbayev@gmail.com), ORCID ID 0000-0001-7059-0059

*Нәйлә Қаткенқызы Анафина*

психология магистрі, «Торайғыров университеті» КеАК, Павлодар, Қазақстан, email: [anafina.n.k@gmail.com](mailto:anafina.n.k@gmail.com), ORCID ID 0009-0008-3686-566X

*Бақытжан Меңлібекұлы  
Сатершинов*

главный научный сотрудник, доктор философских наук, профессор, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5094-9682

*Алмасбек Дүйсенбекұлы  
Шағырбай*

ведущий научный сотрудник, PhD, ассоциированный профессор, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-9146-1408

*Нұрмұхаммед Рысбайұлы  
Мейманхожа*

научный сотрудник, PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: nurikmann@gmail.com, ORCID ID 0009-0000-4801-8347

*Шыңғыс Дәулетұлы Жүнісбаев*

научный сотрудник, PhD докторант, Институт философии, политологии и религиоведения КН МНВО РК, Алматы, Казахстан, email: [shynggys.zhunisbayev@gmail.com](mailto:shynggys.zhunisbayev@gmail.com), ORCID ID 0000-0001-7059-0059

*Нейля Каткеновна Анафина*

магистр психологии, НАО «Торайғыров университет», Павлодар, Казахстан, email: [anafina.n.k@gmail.com](mailto:anafina.n.k@gmail.com), ORCID ID 0009-0008-3686-566X

*Bakytzhan Satershinov*

Chief Researcher, Doctor of Philosophy, Professor, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: bakhyt-zhan@mail.ru, ORCID ID 0000-0002-5094-9682

*Almasbek Shagyrbai*

Leading Researcher, PhD, Associate Professor, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies, SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: almasbek85@gmail.com, ORCID ID 0000-0001-9146-1408

*Nurmukhammed Meimankhozha*

Researcher, PhD Student, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: nurikmann@gmail.com, ORCID ID 0009-0000-4801-8347

*Shyngys Zhunisbayev*

Researcher, PhD student, Institute of Philosophy, Political Science and Religious Studies SC MSHE RK, Almaty, Kazakhstan, email: [shynggys.zhunisbayev@gmail.com](mailto:shynggys.zhunisbayev@gmail.com), ORCID ID 0000-0001-7059-0059

*Nailya Anafina*

Master of Psychology, Toraihyrov University, Pavlodar, Kazakhstan, email: [anafina.n.k@gmail.com](mailto:anafina.n.k@gmail.com), ORCID ID 0009-0008-3686-566X